

## **Атырау облысында Қазақстан Республикасының азаматтарының жеке меншікте болуы мүмкін жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерін белгілеу туралы**

Атырау облыстық мәслихатының 2019 жылғы 18 қазандағы № 368-VI шешімі және Атырау облысы әкімдігінің 2019 жылғы 18 қазандағы № 232 бірлескен қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 31 қазанда № 4516 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 50-бабының 2 және 3-тармақтарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, 27, 37-баптарына сәйкес Атырау облысы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және VI шақырылған Атырау облыстық мәслихаты кезекті XXXV сессиясында ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. Атырау облысында Қазақстан Республикасының азаматтарының жеке меншікте болуы мүмкін жер учаскелерінің келесі шекті (ең жоғары) мөлшері белгіленсін:

1) ауылдық жерлерде өзіндік қосалқы шаруашылық (үй маңындағы және егістік телімдерді қоса алғанда) жүргізу үшін - суарылмайтын жерде 0,40 гектар (оның ішінде 0,25 гектар тегін) және суармалы жерде 0,25 гектар (оның ішінде 0,15 гектар тегін);

2) жеке тұрғын үй құрылысы үшін:

облыстың елді мекендерінде - 0,30 гектар (оның ішінде 0,10 гектар тегін) (Атырау қаласы және Атырау қаласына қарасты ауылдық округтерді қоспағанда);

Атырау қаласында - 0,12 гектар (оның ішінде 0,10 гектар тегін);

Атырау қаласының ауылдық округтерінде - 0,15 гектар (оның ішінде 0,10 гектар тегін);

3) бағбандық, сондай-ақ саяжай құрылысы үшін - 0,30 гектар (оның ішінде 0,12 гектар тегін).

2. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің орынбасары Ә. Нәутиевке және Атырау облыстық мәслихатының заңдылықты сақтау, депутаттық этика және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы А. Абдоловқа жүктелсін.

3. Осы бірлескен қаулы мен шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және олар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Сессия төрағасы*

*Мәслихат хатшысы*

*Н. Ноғажев*

*А. Сисенов*

*Ө. Зинуллин*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК